

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 534 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар):

9-баптың 1-тармағының 32) тармақшасындағы "этил спирті сақтау және сату," деген сөздер алып тасталсын.

2. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "1,5" деген цифр "бір жарым" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) т а р м а қ ш а д а :

"бөлшек сауда" және "өткізу" деген сөздер тиісінше "бөлшек саудада өткізу" және "сату" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бақылау-кассалық аппаратпен" деген сөздер "бақылау-кассалық машинамен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада ", тағамдық емес шикізаттан", "сондай-ақ коньяктік және жүзімдік спирттер" деген сөздер алып тасталып, "тазарту жолымен" деген сөздерден кейін ", шарап материалынан төте немесе екі мәрте айдап айыру жолымен және тағамдық емес шикізаттан өзге де жолмен" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) фирмалық арнаулы дүкен - сауда залымен жабдықталған, фискальдық жады бар бақылау-касса машинасымен жарақталған және өзінің алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізуге арналған стационарлық үй-жай";

мынадай мазмұндағы 14)-19) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) мемлекет меншігіне өткен этил спирті немесе алкоголь өнімі - сот шешімі негізінде тәркіленген, мемлекет меншігіне өтеусіз өткен, мемлекет пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген этил спирті немесе алкоголь өнімі;

15) пластикалық ыдыс - полиэтилен полистирол және өзге полимерлік материал негізіндегі тұтыну ыдысы;

16) аралас полимерлік ыдыс - ішкі жағы тағам сақтайтын полимерлік материалдан жасалған аралас полимерлік материалдардан дайындалған тұтыну ыдысы;

17) есепке алу-бақылау таңбасы - қажетті қорғау дәрежесі бар, алкоголь өнімінің айналымын есепке алу және бақылауды жүзеге асыру мақсатымен оны (сырадан басқасын) бірдейлендіруге арналған арнайы біржолғы жапсырма;

18) қаңылтыр ыдыс - ішкі жағы тағам сақтайтын материалмен қапталған арнаулы қаңылтырдан жасалған тұтыну ыдысы;

19) тұтыну ыдысы - тұтынушыға алкоголь өнімімен қоса келіп түсетін, көліктік ыдыс өз функциясын атқармайтын және Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы орталық атқарушы органы пайдалануға рұқсат еткен материалдардан жасалған ыдыс.";

2) 5 - б а п т а :

1-тармақтың 10) тармақшасындағы "өңделген" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "38-45%, 50% және 56%" деген цифрлар "отыз сегіз - қырық бес процент, елу процент және елу алты процент" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "12-60%", "30%-тен 60%-ке дейінгі" және "12%-тен 30%-ке дейінгі" деген сөздер тиісінше "он екі - алпыс процент", "отыз проценттен алпыс процентке дейінгі" және "он екі проценттен отыз процентке дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ "физикалық байыту арқылы" деген сөздерден кейін ", қажет болған ретте қантты және лимон қышқылын пайдалана отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтағы "тағамдық дәмді-хош иісті қоспаларды (химиялық қоспадан басқа)" деген сөздер ", қантты, этил спиртін" деген сөздермен ауыстырылсын;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Шарап ішімдіктері - негізін табиғи жүзім, жеміс шарап материалдары немесе олардың концентраттары құрайтын, қант, емен концентраты, тағамдық дәмді-хош иісті табиғи қоспалар, бояғыштар мен су қосылған, этил спирті мен күшейтілген шарап материалдары қосылмаған, күштілігі он екі проценттен аспайтын алкогольді ішімдіктер

12. Шарап материалы - ашытылған немесе ашытуды тоқтата тұру тәсіліне қарамастан ашытылу процесіндегі, құрамында этил спиртінің бір жарым проценттен астам мөлшерлік үлесі бар, шарап дайындауға немесе араластыруға арналған жүзім сөлі, жеміс-жидек шырыны";

13-тармақ мемлекеттік тілдегі мәтінде өзгермейді;

16-тармақтағы "30%" деген цифр "отыз процент" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтағы "30%" деген цифр "отыз проценттен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7 - б а п т а :

2-тармақ "жасайды" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын ;

5-тармақта "сырадан" деген сөз "қос тотықты көміртекпен қанықтырылғаннан" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) алкоголь өнімін (сырадан басқа) акциздік алым таңбаларынсыз және есепке алу-бақылау таңбаларынсыз өткізуге;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) алкоголь өнімін (сыра мен құрамында он екі проценттен аз көлемдегі этил спирті бар әлсіз алкоголь сусындарынан басқа) қаңылтыр ыдыстарда, аралас полимер ыдыстарда, этикеткасы жоқ шөлмектерде және пластик ыдыстарда өткізуге;"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Этил спирті мен алкоголь өнімі айналымының тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

5) 1 0 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакция жазылсын:

"1. Этил спиртінің импорты жасап шығаруға этил спирті пайдаланылатын алкоголь өнімі өндіруге арналған лицензия болған кезде, этил спиртінің импортына берілетін лицензия бойынша жүзеге асырылады.

Шарап материалының импорты жасап шығаруға шарап материалы пайдаланылатын алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия болған кезде, шарап материалының импортына берілетін лицензия бойынша жүзеге асырылады.

Алкоголь өнімінің импорты алкоголь өнімінің импортына берілетін лицензия бойынша және алкоголь өнімін өндіруге не алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме саудада өткізуге арналған лицензиялары болған кезде жүзеге асырылады.

2. Этил спиртінің экспортына этил спирті өндіруге арналған лицензия болған кезде
ғ а н а ж о л б е р і л е д і .

Алкоголь өнімін өндіруге, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме

саудада өткізуге арналған лицензиялардың болуы алкоголь өнімінің экспортына құқық береді.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Айналымына осы Заңның 9-бабының 2-тармағында тыйым салынған этил спирті мен алкоголь өнімін Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынады.";

6) 1 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Этил спиртінің сақтаудың және өткізудің тәртібі мен шарттары";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Этил спиртінің сақтау мен өткізу этил спиртінің өндіруге лицензия болғанда ғана өндірушінің қойма жайларынан жүзеге асырылады.";

мынадай редакциядағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Этил спиртінің сақтау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

7) 1 2 - б а п т а :

тақырыбындағы "көтерме саудамен" деген сөздер алып тасталсын;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өндіруші алкоголь өнімін фирмалық арнаулы дүкендер арқылы және алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме саудада өткізуге лицензиясы бар тұлғаларға өткізуге қ ұ қ ы л ы .

2. Импорттаушылар және алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме саудада өткізуге арналған лицензиясы бар тұлғалар алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге арналған тиісті лицензиясы бар тұлғаларға ғана алкоголь өнімін өткізуге құқылы.";

3-тармақ алып тасталсын;

8) 1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "уәкілетті орган" деген сөздердің алдынан "этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісіне және импортына - " деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "алкоголь өнімінің бөлшек саудасы үшін" деген сөздер "алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға және көтерме саудада өткізуге, алкоголь өнімін (сырадан басқа) бөлшек саудада өткізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы тармақта белгіленген жағдайларды қоспағанда, этил спиртінің өндіруге лицензиясы болмаса этил спиртінің сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

Алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия этил спиртінің сақтауға, өздері

шығарған алкоголь өнімін сақтауға және фирмалық арнаулы дүкендер арқылы өткізуге, сондай-ақ алкоголь өнімін сақтау мен көтерме саудада өткізуге лицензиясы бар адамдарға көтерме саудада өткізуге құқық береді.";

5-тармақ алып тасталсын;

б - т а р м а қ т а :

3) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу;"

9) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме саудада өткізуге лицензия алу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау тұрғысынан тұлғаларды тексеруді шарт негізінде уәкілетті органның арнаулы мемлекеттік кәсіпорындары ғана жүргізеді.";

10) 19-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "этил спирті сақтау мен өткізуге, алкоголь өнімін сақтауға және өткізуге" деген сөздер "алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге," деген сөздермен ауыстырылсын;

9) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) лицензияда көрсетілмеген мекен-жайда этил спирті мен алкоголь өнімін өндіргенде, алкоголь өнімін сақтағанда, көтерме және бөлшек саудада өткізгенде;"

"14) осы Заңның 15-бабының 6-тармағы көзделген қызмет түрлеріне лицензиясы жоқ тұлғалардан этил спирті мен алкоголь өнімін сатып алғанда алты ай мерзімге дейін тоқтата тұру себебін көрсете отырып тоқтата тұруға құқылы.";

11) 20-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "сақтау мен өткізуге" деген сөздер "алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "жәйттер жойылмаған" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, "жағдайда сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) лицензиат бір жыл ішінде бұрын лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған бұзушылықты қайталап жасаған жағдайда сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін.";

12) 21-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекет меншігіне өткен этил спирті мен алкоголь өнімі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ережелерге сәйкес пайдаланылады немесе жойылады.".

2-бап. Осы Заң қолданысқа енгізілген кезде лицензиялары болған жеке және заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай мерзімде өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндетті.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК